

**Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 200 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.**

"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" толық мәтіні және республикалық баспасөзде мазмұны жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес, азаматтарға патриоттық тәрбие берудің біртұтас жүйесін құру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.
3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынсын.
5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүктелсін.
6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

1 0

қ а з а н д а ғ ы

**Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Астана, 2006 жыл Мазмұны**

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі
6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

**1. Бағдарламаның паспорты**

**Атауы** Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

**Әзірлеу үшін негіздеме** "Білім туралы" 1999 жылғы 7 маусымдағы, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдары ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі № 856 Жарлығымен бекітілген Қазақстан халықтары Ассамблеясының орта мерзімді кезеңге арналған стратегиясы

**Негізгі әзірлеуші** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

**Бағдарламаның мақсаты** Патриоттық тәрбие жүйесін нысаналы дамыту арқылы азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышы мен конституциялық міндеттерін орындауға дайындығын тәрбиелеу

**Бағдарламаның  
міндеттері**

Азаматтардың мақсатты топтарының бойында байыпты азаматтық ынтымақтастық пен қатыстылық, этносаралық және жеке адамдар арасындағы өзара түсіністік сезімін қалыптастыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық алғышарттары мен шаралар жүйесін құру;  
қазақстандық патриотизмді, төзімділікті, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуді тәрбиелеу жөнінде іс-шаралар кешенін еткізу кезінде тұтастай алғанда мемлекет пен қоғамның, жеке алғанда мемлекет пен оның азаматтарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;  
өркениетті азаматтық және тұлғааралық қатынастардың қалыптасуына жағдайлар мен әлеуметтік алғышарттар жасау;  
мінез-құлықтың жағымды үлгілерін қалыптастыру және жастар арасында бүгінгі заман қаһарманының бейнесін танымал ету арқылы патриотизмді тәрбиелеу жөніндегі жұмысқа жәрдемдесу

**Іске асыру  
мерзімі  
Қаржыландыру  
көздері**

2006-2008 жылдар

Республикалық, жергілікті бюджеттердің қаражаты, бюджеттен тыс қаражат.  
Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен:  
2006 жылы 27 948 мың теңге,  
2007 жылы 54 641 мың теңге,  
2008 жылы 53 999 мың теңге бөлу жоспарланып отыр.  
Жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен:  
2007 жылы 224 093,0 мың теңге,  
2008 жылы 236 521,0 мың теңге бөлу жоспарланып отыр.  
Барлығы: 2006 жылы - 27 948 мың теңге, 2007 жылы - 278 734 мың теңге, 2008 жылы - 290 520 мың теңге.  
Жалпы сома - 597 202 мың теңгені құрайды.  
Бағдарламаны қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде нақтыланатын

болады

**Күтілетін  
нәтижелер**

Бағдарламаны іске асыру барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізілетін болады:

қазақстандықтардың Қазақстан Республикасымен азаматтық сәйкестік деңгейі артады; азаматтардың патриоттық қозғалыстарға қатысуға деген ұмтылушылығы артады; азаматтардың патриоттық санасын арттыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету күшейтілетін болады;

елдің мемлекеттік нышандарын, мемлекеттік және әскери қызметті танымал етуге, патриоттық тәрбие жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған шаралар жандандырылатын болады;

2006 жылы Азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі кеңес құрылатын болады; азаматтарға патриоттық тәрбие беру мәселелері бойынша ақпараттық-әдістемелік жинақтар, ұсынымдар, ақпараттық-талдамалы материалдар әзірленетін және шығарылатын болады; экскурсиялық және өлкетану жұмысы бағдарламалары әзірленетін, ерекше көзге түскен оқушылардың және студенттердің Астана қаласына сапары ұйымдастырылатын болады;

36 республикалық іс-шара (семинарлар, форумдар, конференциялар, "дөңгелек үстелдер" отырыстары, әлеуметтанушылық зерттеулер, әлеуметтанушылық мониторинг, акциялар, слеттер, конкурстар, турне), соның ішінде: 2006 жылы - 10, 2007 жылы - 13, 2008 жылы - 13 іс-шара өткізілетін болады;

құқық қорғау органдары өкілдерінің, соғыс ардагерлерінің, спортшылардың және басқалардың қатысуымен жастардың тақырыптық кездесулері ұйымдастырылатын болады; білім беру ұйымдарының желісімен қамтылған 3,5 млн. бала мен жасөспірім балалар, жасөспірімдер, жастар ұйымдарының қызметіне тартылатын болады;

оқу процесіне жастардың бойында патриоттық сезімді тәрбиелеуге бағытталған жаңа әдістемелер мен материалдар кіріктірілетін  
б о л а д ы ;  
жастардың республикалық зияткерлік сыйлығы және арнайы өңірлік сыйлықтар тағайындалатын болады

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) әзірлеудің өзектілігі қоғамның рухани әлеуетін арттыру қажеттілігіне негізделген.

Бағдарлама оң, жасампаз дүниетанымға ие, мұнысы азаматтың жауапкершілік сезімінен, саналы таңдау жасау және Отан, қоғам, өз отбасы игілігіне, жеке басына бағытталған дербес шешім қабылдай алу қабілетінен көрінетін азаматты тәрбиелеуді, берік адамгершілік негізге ие, солай бола тұра өзгермелі жағдайларға бейімделуге қабілетті және жаңа идеяларға зерек, үнемі жетіліп отыратын тұлғаны қалыптастыруды көздейді.

Осыған байланысты әлеуметтік және этностық топтар арасында жұмысты үйлестіру мақсатында орталық және жергілікті билік органдары мен қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіру қажет, бұл біртұтас мемлекеттік саясат және осы саясатқа сәйкес азаматтарға патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік жүйесі болған жағдайда ғана мүмкін болады. Өз кезегінде бұл азаматтарға патриоттық тәрбие беру жүйесін құруды және оны дамытудың жолдарын айқындауды талап е т е д і .

Осы Бағдарлама "Білім туралы" 1999 жылғы 7 маусымдағы және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 856 Жарлығымен бекітілген Қазақстан халықтары Ассамблеясының орта мерзімді кезеңге арналған стратегиясына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу қағидасының негізінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқан: "Қазақстан - біздің ортақ үйіміз" идеясы жатыр. Бағдарламаны іске асыру қоғамның одан әрі бірігуіне, қоғамдық тұрақтылықты сақтауға, азаматтық жарастықтың нығаюына ықпал етеді.

## 3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Ел өміріндегі бірқатар проблемаларды шешу көп жағдайда азаматтық қоғамның даму деңгейіне, жоғары патриоттық сананың қалыптасуына, өз еліне деген мақтаныш сезімге, Отанының мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышты орындауға дайындығын тәрбиелеуге байланысты.

Патриоттық тәрбие жүйесі білім беру мекемелерінің барлық типтері мен түрлеріндегі оқыту мен тәрбиелеу процесінде әлеуметтік маңызды құндылықтарды, азаматтылық пен патриотизмді қалыптастыру мен дамытуды; еңбек ұжымдарында, әскерде, қоғамдық ұйымдарда бұқаралық саяси-тәрбие жұмысын жүргізуді; бұқаралық ақпарат құралдарының азаматтарға патриоттық тәрбие беру тақырыптарын талдауға, зерделеуге және көрсетуге бағытталған қызметін жүзеге асыруды көздейді.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын зерделеуге ерекше мән беріледі. Республика рәмізінің саяси және рухани мәнін пайымдау үшін жастардың азаматтық міндеттері туралы дүниетанымы кеңейтіледі және тереңдей түседі. Азаматтық өзіндік сана-сезімге тәрбиелеу мақсатында халықтың көптеген мақсатты топтарында ұлттық рәміздің мәнін қабылдау мен түсіну, ар-намыс, ождан, борыш, еліміздің болашағы үшін жауапкершілік сияқты жалпы адамгершілік нормалар қалыптастыру жөнінде пікір сайыстар өткізіледі.

Әлемде азаматтардың бойында ұлттық нышандарға - Туға, Елтаңбаға, Әнұранға, ұлттық мерекелерге патриоттық сезімді, оларға құрметпен қарауды мақсатты түрде қалыптастырып отырған дамыған елдер аз емес. Көптеген елдерде мемлекеттік нышандар мемлекеттің оң бейнесін жасаудың негізі ретінде пайдаланылады, ұлттық мақтаныштың белгісі болып табылады, патриоттық сезім мен ерік-жігерді танытудың нысанасы ретінде пайдаланады. Мұндай елдердің қатарына Америка Құрама Штаттарын жатқызуға болады. Біз үшін олардың тәжірибесі мемлекеттік нышандарды насихаттау мен халықты патриотизмге тәрбиелеу тұрғысынан қызығушылық тудырады. Американдықтардың дені елдің әнұранын біледі және салтанатты іс-шараларда айтады. Америка туының барлық мекемелер мен көптеген жеке меншік үйлерде болуы олар үшін өмірлік норма болып табылады. Ұлттық нышандары бар бұйымдар халық арасында аса қызығушылықпен қолданылады. Бұл олардың баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі - БАҚ), кітаптарда, көркем фильмдерде тым белсенді насихатталуымен түсіндіріледі. Мемлекеттік нышандардың көмегімен азаматтар бойына еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезім дәйекті де табанды тәрбиеленеді.

Біздің елімізде жастарға патриоттық тәрбие беру қазіргі уақытта 2005-2007 жылдарға арналған жастар саясаты бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылады. Әлеуметтік маңызды жобаларды қолдау мақсатында жастар

ұйымдарының патриоттық тәрбие саласындағы бірқатар бастамаларын іске асыруға қаражат бөлінеді.

Әскери-патриоттық тәрбие жастардың бойында патриоттық сезім мен азаматтықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі жұмыстың пәрменділігін арттыру үшін әскери бөлімдер жеке құрамының Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен және жергілікті соғыстар ардагерлерімен кездесулері өткізіліп тұрады; азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезеңінде қорғаныстық-бұқаралық жұмыс айлықтары, әскери бөлімдер мен жоғары әскери училищелерде "Ашық есік күндері", орта мектептерде "Ерлік сабақтары" жарияланады. Жыл сайын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жастар бастамалары орталықтары белсенділерімен Бүкіләскерлік кеңес, сондай-ақ "Патриот" республикалық акциясы шеңберінде "Жас ұлан" республикалық жауынгерлік әндер фестивалі өткізіліп тұрады.

Әскери-патриоттық клубтардың республикалық слеттерін, "Ұлан", "Алау" әскери-спорттық ойындарын, "Патриот", "Мен - Қазақстан азаматымын", "Бұл біздің ту" республикалық патриоттық акцияларын өткізу дәстүрге айналған.

Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде қызметінің негізгі мақсаты жеке тұлғаны өзін-өзі айқындауына және қалыптасуына жәрдем көрсету болып табылатын балалардың және жастардың қоғамдық қозғалыстары мен ұйымдары, шығармашылық одақтары айрықша рөл атқарады.

Балалар мен оқушы жастар арасындағы патриоттық тәрбие жүйесі оқу мен тәрбие процесінде балалардың және жастардың қоғамдық қозғалыстары мен ұйымдарын, шығармашылық одақтарын құруды көздейді. Балалар бірлестіктерінің саны жылдан жылға көбейіп келеді. Мысалы, 2003 жылы олардың саны 184, 2004 жылы - 202, 2005 жылы - 319 болды. Қазіргі кезде республикада 320-дан астам балалар мен жастар ұйымдары жұмыс істейді. Олардың ішінде біршама ірілері және белгілілері "Жұлдыз" (Ақмола облысы), "Болашақ", "Ұлан", "Айналайын" (Қарағанды облысы), "Шұғыла" (Ақтөбе облысы), "Мұрагер" (Қостанай облысы), "Достар" (Жамбыл облысы), Жайық жастары" (Батыс Қазақстан облысы), "Жасыл республика" (Оңтүстік Қазақстан облысы) және басқалар болып табылады.

Соңғы жылдары жергілікті атқарушы органдардың балалар мен жастардың аула клубтарын ашу жөніндегі қызметі жандана бастады. 2003 жылы - 491, 2004 жылы - 542 клуб жұмыс істесе, ағымдағы жылы олардың саны 548-ді құрайды. Мұндай клубтар балалар мен оқушы жастардың, әсіресе девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің бос уақыттарын ұйымдастырудың маңызды әлеуметтік-педагогикалық негізі бола алады. Клубтардың дамуына соғыс және еңбек ардагерлері, жергілікті соғыстар ардагерлері, ішкі істер органдарының

өкілдері, тәжірибелі педагогтар елеулі ықпал ететіндігін айта кету керек.

Іс жүзінде барлық облыстар мен Астана, Алматы қалаларында қызметі мақсаты жастарды қоғамдық өмірге белсенді қатысуға тарту, олардың саяси сауаттылығын арттыру, азаматтылықты дамыту мен қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу болып табылатын патриоттық тәрбиелеу мектептері, ұйымдары, клубтары жұмыс істейді.

Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылдың басындағы деректері бойынша республикада 586 мектептен тыс ұйым бар, оның 218-і ауылдық ұйым. 2002 жылмен салыстырғанда олардың саны 31 бірлікке азайды, алайда олардың қызметіне тартылған балалардың саны 60495-ке көбейді. Балалар мен жастар шығармашылығының мектептен тыс ұйымдары 151 бірлікті құрайды. 55 жас туристер, техниктер, натуралистер станциясы бар (2003 жылы - 35), 383 балалар мектебі (музыкалық, көркемсурет, спорт мектептері және өнер мектептері), жыл бойына жұмыс істейтін 6 лагерь, 548 аула клубы (2003 жылы - 491) бар. Алайда, балалардың мектептен тыс ұйымдарымен қамтылуы 12 %-ті ғана құрайды. Сондықтан балалардың, жасөспірімдердің, жастардың спорттық, әскери-патриоттық, техникалық, компьютерлік оқыту клубтары, көркемөнер секциялары, кітапханалары және басқа да мектептен тыс ұйымдар желілерін к е ң е й т у қ а ж е т .

Азаматтарға, соның ішінде балалар мен жастарға патриоттық тәрбие беру жұмысы одан әрі жетілдіруді және дамытуды талап етеді.

Көпшілік адамдардың санасында өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру тек әскери борышын орындау деп ұғынылуы патриоттық тәрбие түсінігінің м а з м ұ н а я с ы н т а р ы л т а түседі.

Бүгінгі күні балалар мен жастардың патриоттық тәрбиесі патриоттық сананы, өз Отанына деген адалдық пен берілгендік сезімін қалыптастыру, азаматтық борыш пен негізгі конституциялық міндеттерді орындауға деген дайындық талаптарына толығымен сай келе бермейді. Атқарылып отырған жұмыс еліміздің азаматтарының бойында патриоттық сананы қалыптастыру жөнінде стратегиялық міндеттерді толықтай кешенді шешуді қамтамасыз ете алмайды.

Солай бола тұра, ғасыр тоғысында Қазақстанда болған түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңарулар өз кезегінде қоғамдық сана мен қоғамның рухани өміріне үлкен өзгерістер алып келді. Әлеуметтанушылық сұрау салулар дәлелдеп отырғандай, күнделікті өмірдегі байқаулар патриотизм мәселелерінде түрлі әлеуметтік топтар мен қауымдардың ұстанымдары көп қырлығымен және кең түрлігімен сипатталатындығын көрсетеді.

Жеке тұлғаның әлеуметтенудегі негізгі бағыттың бірі жеке адамның Отанмен сәйкестігі болып табылады. Бұл ретте "Отан" ұғымы адамның туған жерімен, жақындарымен және туыстарымен ғана шектелмейді, сонымен қатар



эмоциялық-психологиялық сезімдер (махаббат, патриотизм, шынайы берілгендік, ұлттық мақтаныш сезімдері және басқалар) қырынан да ұғынылады.

Қазақстанда 2003 және 2005 жылдар аралығы кезеңінде жүргізілген қоғамдық-саяси ахуал мониторингінің нәтижелері сұрау салуға қатысқандардың басым көпшілігі (92,2 %) өз азаматтығын Қазақстан Республикасымен байланыстыратындығын көрсетті. Патриоттық сезімге негізделген Қазақстан Республикасымен азаматтық сәйкестік белсенді азаматтық ұстанымның, ел өміріне қатысудың іргетасы болып табылады.

Қазақстан Республикасы этникалық әртектілікпен ерекшеленеді, мұнда 120-дан астам ұлттар пен ұлыстар өкілдері өмір сүреді. Елдің көп ұлттылық сипаты діни конфессиялардың көп болуына және олардың қоғам өміріндегі рөлінің арта түсуіне себепші болатынын жүргізілген әлеуметтанушылық сұрау салудың нәтижелері растайды: азаматтардың 35,0 %-і дінге сенетіндер, 29,0 %-і біршама сенетіндер болып табылады, 14,0 %-і өздерін дінді ұстанбайтындарға қосады. Одан басқа, дін мемлекет ісіне "араласуға", билік органдарының шешімдеріне ықпал етуге тиіс емес деген пікірмен 33,3 %-і келіседі. Азаматтардың 18,4 %-і, керісінше, діннің мемлекет істеріне ықпал етуі туралы пікірді қолдайды әрі бұл әбден мүмкін, тіпті қажет деп есептейді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда қызметі ең алдымен жастарды өз қатарына тартуға бағытталған дәстүрлі емес діни бірлестіктер мен экстремистік ұйымдар қызметінің жандануына қарсы күресті ұйымдастыру мәселелері мемлекет үшін, сөзсіз, өзекті болып отыр.

Соңғы онжылдықта шетелдік насихатқа, сондай-ақ жекелеген азаматтар мүдделілігіне бола елде таратылып отырған діни жоралғылармен байланысты түрлі экстремистік пікірлер байқалуда.

Жастардың кришнаиттер, Иегова куәгерлері секілді Қазақстан үшін дәстүрлі емес бірлестіктерге, сондай-ақ экстремистік ұйымдарға, мысалы, "Хизб-ут-Тахрир" діни-саяси бірлестігіне және басқаларға деген қызығушылығы осы бірлестіктер мен ұйымдардың белсенді жақтаушылардың жас адамдардың санасына психологиялық ықпал етуімен байланысты. Сондықтан діни саладағы пайда болатын өзекті проблемаларды реттеудің нақты тетігін әзірлеу қажет.

Халықтың саяси сауаттылығы мен жоғары саяси мәдениеті ішкі саяси тұрақтылықтың, ұлтаралық келісімнің қайнары болып табылады. Қазіргі заманға қоғамға тән сипат саяси мінез-құлықтың түрлі модельдерінің көпқырлылығы, соның ішінде елдің саяси өміріне қатысу мүмкіндігі болып отыр. Бұл ретте елдің тағдырына, келешекке деген мүдделікті азаматтардың саяси қызметке қатысуының маңызды факторы ретінде атауға болады.

Әлеуметтанушылық сұрау салудың деректері (2005 жыл, желтоқсан) саяси қызметке тұрақты қызығушылық танытқандар сұрау салынған азаматтардың тек

35,5 %-і екенін көрсетеді. 50,6 %-і саясатқа ара-тұра ден қойса, сұрау салынғандардың 12,5 %-і саясатқа қызығушылық танытпайды, респонденттердің 1,4 %-і осы сұраққа нақты жауап бере алмады.

Патриоттық тәрбиенің негіздері отбасында қаланады. Отбасы рухани-адамгершілік тәрбиенің негіздері қалыптасатын айрықша әлеуметтік институт болып табылады. Жүргізілген әлеуметтанушылық сұрау салу (2004 жыл, желтоқсан) дәстүрлі қалыптасқан құндылықтарға - өз отбасының игілігіне (55,9 %), жұмысқа (35,9 %), жеке қауіпсіздігіне (34,8 %) басымдық бере көрсетті.

Оның үстіне, мұғалімдер мен тәрбиешілердің барлығы бірдей тәрбие процесін жетілдіруге, отбасы және басқа да әлеуметтік институттармен қарым-қатынасты қажетті деңгейде айқындауға көңіл аудары бермейді.

Елдің азаматын тәрбиелеудегі тежемелі факторлардың қатарында патриотизм мен демократиялық нанымдарды нысаналы қалыптастыру үшін жаңа қазіргі заманға технологияларды пайдалануға қабілетті, біліктілігі жоғары мамандардың жеткіліксіздігін, азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі әлеуметтік технологияларды әзірлеуде жеткілікті тәжірибесі бар гуманитарлық бейіндегі ғылыми-зерттеу ұйымдарының аздығын атаған жөн.

Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мәселелеріндегі қазіргі проблемаларды шешу үшін тұтастай алғанда тәрбиеге принципті түрде жаңа т ұ р ғ ы қ а ж е т .

Ел бейнесін және Отанымен ажырағысыз байланыс сезімін мемлекет пен қоғам түрлі тетіктер мен институттар, ең алдымен, білім беру арқылы қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

Осыған орай, білім алушыларды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, елдің мемлекеттік нышандарын танымал етуді қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа білім беру мекемелері мен ұйымдарын белсенді түрде тарту қ а ж е т .

Білім беру ұйымдарында қазіргі заманғы қазақстандық қоғамдық және мәдени шындықтарға негізделген және қазақстандықтардың ділімен байланысты дүниетаным мәдениеті мен төзімділігі жөніндегі сапалы, мазмұны жағынан тиімді ақпараттық-дидактикалық материалдардың жеткіліксіздігін, балалар мен жастарға арналған, олардың санасында патриоттық сезімді, өз Отанына деген сүйіспеншілікті оятуға, өз Отанына пайда келтіру ұмтылысын тудыруға ықпал ететін кітаптардың аздығын атап өткен жөн. Балалар мен жастарға арналған кітаптар негізінен батыстық мұраттар мен құндылықтарды насихаттауға бағдарланған немесе таза технократиялық түсінікті қалыптастырады.

Қазақстандық азаматтылықты қалыптастыру процесінде мемлекеттік билік және мемлекеттік басқару органдарында, білім беру мекемелерінде, түрлі ұйымдар мен кәсіпорындарда мемлекеттік тілді қолдану дәрежесі ерекше мәнге

ие. Осыған орай "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес міндеттерді шешу қажет. Қазақ тілінің рөлін ұғыну мемлекеттігіміздің бүкіл ғимараты тұрғызылатын іргетас болып табылады.

Бағдарламаны тиімді іске асыру үшін қазақстандық қоғамның барлық сегменттерін: бизнесті, отандық үкіметтік емес ұйымдарды, қоғамдық қозғалыстарды, ардагерлер бірлестіктерін тарту қажет.

Оған қоса, жастардың әртүрлі өзін-өзі басқару нысандарын: жастар мәслихаттарын және басқа да сайланып қойылатын органдарын қалыптастыруға жәрдемдесу қажет. Қазіргі уақытта жастар ұйымдарының мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу дәрежесі жоғары емес. Жастардың басқарушы шешімдер қабылдауға қатысуы үшін мүмкіндіктер тудыру, қоғамдық-саяси, әлеуметтік маңызы бар жастар бастамаларын көтермелеу қажет.

Қазіргі уақытта азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысқа адамдарға ықпал ете алатын ең қуатты құралдың бірі - БАҚ қызметі әлсіз пайдаланылып отыр. Бұл жағдай аталған бағдарламаға БАҚ-ты белсенді және ерікті тарту үшін тиісті пысықтауларды талап етеді.

Бағдарламаны сәтті іске асыруға қазақстандық қоғамда қалыптасқан: қазақстандықтардың төзімді ділі; қазақстандықтар ділінің басым белгісі ретіндегі рухани ашықтық; егемендік алғаннан кейін Қазақстанда сәтті жүргізілген түбегейлі экономикалық реформалар бұған тарихи дәлел болған, тың жаңалықтарға қатысы жағынан батылдық; ұлтаралық келісім мен татулық, саяси тұрақтылық; халықтың көпшілігі үшін болашаққа деген жақсы ниет пен сенім беретін, кедейшілікті жеңудің кепілдікті шарты ретінде елдің тұрақты және серпінді экономикалық өрлеуі ықпал ететін болады.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның негізгі мақсаты патриоттық тәрбие жүйесін нысаналы дамыту арқылы азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышы мен конституциялық міндеттерін орындауға дайындығын тәрбиелеу болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері: азаматтардың мақсатты топтарының бойында байыпты азаматтық ынтымақтастық пен қатыстылық, этносаралық және жеке адамдар арасындағы

өзара түсіністік сезімін қалыптастыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық алғышарттары мен шаралар жүйесін құру;  
қазақстандық патриотизмді, төзімділікті, адам құқықтары мен бостандықтарын сыйлауды тәрбиелеу жөнінде іс-шаралар кешенін өткізу кезінде тұтастай алғанда мемлекет пен қоғамның, жеке алғанда мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;  
өркениетті азаматтық және жеке адамдар арасындағы қатынастардың қалыптасуына жағдайлар мен әлеуметтік алғышарттар жасау;  
мінез-құлықтың жағымды үлгілерін қалыптастыру және жастар арасында біздің заман қаһарманының бейнесін танымал ету арқылы патриотизмді тәрбиелеу жөніндегі жұмысқа жәрдемдесу болып табылады.

## **5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі**

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті орталықтандырылған үйлестіру үшін Азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі республикалық кеңес құру көзделіп отыр. Аталған Кеңес республикалық және өңірлік деңгейдегі мүдделі мемлекеттік органдардың, қоғамдық институттардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілетті өкілдерінен құрылады.

Бағдарламаны өңірлік деңгейде іске асыруға қатысты бөлігінде тиісті іс-шаралар жоспарларын әзірлеу процесінде халықтың демографиялық, этникалық құрамын, қала және ауыл халқының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескеру маңызды.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, мәдениет, білім беру ұйымдарының, әскери бөлімдердің және "үшінші сектордың" жұмыстарын үйлестіру үшін арнайы семинар-кеңестер өткізу қажет болады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу және патриоттық тәрбие саласындағы мемлекеттік саясатты табысты іске асыру үшін баспа түріндегі де және телевизиялық та БАҚ-пен ынтымақтастықты жандандырудың маңызы ерекше.

Осы Бағдарламаның іске асырылу барысын және мемлекеттік органдардың бұл бағыттағы қызметін ақпараттық-насихаттық айқын қамтамасыз ету, БАҚ-та нысаналы түрде көрсетіп отыру қажет болады.

Бағдарламаны табысты іске асыру үшін азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысты насихаттау мен көрсету мәселелерінде республикалық және өңірлік БАҚ-тар ынтымақтастығының тетіктерін жасау.

Сондай-ақ патриоттық бағыттағы қоғамдық ұйымдарының қызметін үйлестіру мақсатында қазіргі республикалық қоғамдық Ата-аналар кеңесінің жұмысы күшейтілетін болады, бұл өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру

ісінде ата-аналар жұртшылығы қызметінің оңтайлы тетіктерін әзірлеуге септігін т и г і з е д і .

Бұған қоса, азаматтарға патриоттық тәрбие беру саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру үшін осы маңызды жұмысқа дайын және риясыз қатысуға қабілетті еріктілерді көптеп тарту қажет. Еріктілер қозғалысының даму дәрежесіне қарай қандай да бір қоғам мүшелерінің азаматтық белсенділігінің деңгейі туралы айтуға болады. Еріктілік қызметі халықтың барлық жіктерін қамтуға, қоғамның түрлі әлеуметтік топтарын жақындастыруға және олардың біртұтастығын нығайтуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру процесінде азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысты жандандыру мақсатында еріктілер қозғалысының мәселелері бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық базаға талдау мен түзетулер жүргізілетін болады.

Бағдарламаны іске асыру негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

### **1. Ұлттық біртұтастық**

Азаматтардың мақсатты топтарының бойында байыпты азаматтықынтымақтастық пен қатыстылық, этносаралық және жеке адамдар арасындағы өзара түсіністік сезімін қалыптастыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық алғышарттары мен шаралар жүйесін құру мыналар арқылы мүмкін болады:

1) мемлекеттік нышандарды насихаттау және қолдану саласындағы мемлекеттік саясатты белсенді іске асыру.

Мемлекеттік рәміз ұлттың мәдени эмблемалар кешені болып табылады. Мемлекеттік рәмізді дұрыс пайдалану азаматтық сана-сезімді және қауымдық сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Мемлекеттік рәмізді насихаттау түрлі деңгейлерде халықтың ауқымды жіктерін тарту арқылы өткізілетін әртүрлі конференциялар, семинарлар, акциялар шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Бұған қоса, түрлі әлеуметтік топтардың елдің мемлекеттік нышандарын қабылдау дәрежесін анықтауға бағытталған әлеуметтанушылық зерттеу нысанында жүзеге асырылатын осы жұмысты ғылыми қамтамасыз ету қажет болады.

Түрлі конкурстар және басқа да бұқаралық акциялар өткізу арқылы мемлекеттік рәміздің маңызы мәселелерінде жастардың хабардарлығын арттыруға айрықша назар аударылады.

Осы тақырыптағы теледидар және радио бағдарламаларды жасау және көрсету арқылы жүзеге асыру жоспарланып отырған мемлекеттік нышандар насихатын жүргізуге БАҚ-ты тарту қажет болады;

2) мемлекеттік мерекелерді жалпы халықтық мереке ретінде өткізу қағидатын е н г і з у .

Өткізілетін салтанаттарға адамдарды барынша тарту қажет. Бұл ретте өткізіліп жатқан әрбір мерекені азаматтардың "шын жүректен", бірлік, тұтастық, рухани көтеріңкілік сезімімен қабылдауы үшін оны ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау маңызды.

Мемлекеттік мерекелерді өткізу нысандарын түрлендіру мемлекеттік мерекелерді барынша ізгілендіретіндей сценарийлер әзірлеуді қарастырады.

Аталған жұмыстың нәтижесі мемлекеттік басқару органдары мен қоғамның түрлі жіктерінің жақындасуы, билік органдары мен халық арасындағы өзара түсіністіктің тереңдеуі болмақ;

3) білім беру жүйесінің оқу бағдарламаларының деңгейін көтеру.

Білім алушылардың рухани-адамгершілік әлеуетін көтеру және олардың бойында азаматтық сананы тәрбиелеу мақсатында қолданыстағы оқу-әдістемелік материалдарды тиісті сараптамадан өткізу қажет болады.

Талдау қорытындылары бойынша оқу бағдарламаларына қажетті өзгертулер енгізу, оларды ұлттық біртұтастық пен келісім, қазақ халқының, қазақстандық этникалық топтардың мәдениетін тану мен дәстүрлерін зерделеу идеяларына арналған материалдармен толықтыру жоспарланып отыр.

Бұл ретте демократиялық қоғам дәстүрлерін ұстана отырып, осы жұмысқа халықтың барлық жіктерін тарту көзделеді. Оған қоса, өңірлік электрондық БАҚ-пен ынтымақтаса жұмыс істеу қарастырылады. Бұл үшін мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізуге мемлекеттік тапсырыс шеңберінде телерадио хабарларын тарату арқылы арнайы ақпараттық материалдар жасау және көрсету жөнінде шаралар қабылданады.

Мәдени ынтымақтастық, еуразиялық идеяларын дамытуды, этносаралық, діни шыдамдылықты және өзара түсіністікті тәрбиелеуді ғылыми-практикалық конференциялар, дәрістер, пікірталастар, "дөңгелек үстелдер" отырыстары шеңберінде жүзеге асыру көзделіп отыр.

Жас ұрпақты төзімділік рухында тәрбиелеуге, Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін әлемдік және дәстүрлі діндерді тұтушы діни бірлестіктердің лидерлерімен, ұлттық-мәдени орталықтардың жетекшілерімен ынтымақтастық орнатуға ерекше мән берілетін болады.

Бағдарлама мағынасында азаматтық келісім мәселелері бойынша қоғамдық пікірдің тұрақты әлеуметтанушылық мониторингі көзделген.

Халықтың ауқымды жіктері мен түрлі топтарын қазақ тілін өз еркімен үйренуге тарту қоғамды біріктіруші орталық фактор болып табылады. Мемлекеттік тілді үйрену мерзімі, оны меңгеру кезеңі Қазақстанның барлық этностары үшін мәдени, психологиялық жақындасу мектебі болуы тиіс. Осы Бағдарлама Қазақстан халқының, әсіресе жастардың қазақ тілін үйренуге

қатысуын қоғамды саяси тұрақтандырушы элемент ретінде қарастырады. Осы мақсатта тұрақты негізде қазақ тілін білуге арналған өңірлік конкурстар өткізілетін, қазақ тілінің халықаралық жазғы сессиясы ұйымдастырылатын  
б о л а д ы ;

4) Қазақстан халықтары Ассамблеясымен (бұдан әрі - Ассамблея) өзара  
і с - қ и м ы л ж а с а у .

Қалыптасқан қоғамдық институт - Ассамблеямен ынтымақтастық осы Бағдарламаны іске асырудың маңызды құралдарының біріне айналады.

Қазақ халқының және Қазақстанда өкілдері тұратын барлық басқа да халықтардың мәдени мұрасын, өткен тарихын, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, жораларын толыққанды жаңғырту және зерделеу үшін Ассамблея үлкен әлеуетке и е .

Осы Бағдарламаны жүзеге асыруға қатыса отырып, Ассамблея жоғары адамгершілік мәдениетті, жасампаз, жоғары өнімді еңбекке бағытталған азаматты тәрбиелеуге елеулі үлес қосады;

5) қазақстандықтардың рухани ұқсастығын айқындау.

Ұлттың тұтастығы ұлттық ділдің бірлігімен анықталады.

Елдің түрлі этностарының мәдениеті мен ділінің ерекшеліктерін танып-білу және кейіннен Қазақстан халықтарының өзара түсіністігін тереңдетуге бағытталған арнайы іс-шараларды өткізу мақсатында қазақстандықтардың рухани ұқсастығы тақырыбында әлеуметтанушылық зерттеулер, конференциялар, семинарлар өткізу, көп этносты, көп мәдениетті қоғамда ұлттық және мәдени ұқсастықты қалыптастырудағы халықаралық тәжірибені зерделеу жоспарланып отыр.

Зерттеулердің қорытындылары және семинарлар мен конференциялардың ұсынымдары кейіннен Бағдарламаның жаңа міндеттеріне, Бағдарламаны өңірлерде іске асыру жөніндегі ұсынымдарға айналуға тиіс.

## **2. Азамат және мемлекет: өзара жауапкершілік**

Қазақстандық патриотизмді, төзімділікті, адам құқықтары мен бостандықтарын сыйлауды тәрбиелеу жөнінде іс-шаралар кешенін өткізу кезінде тұтастай алғанда мемлекет пен қоғамның, жеке алғанда мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету әлеуметтік әріптестікті дамытуға бағытталатын болады.

### **2.1. Жұртшылықтың мемлекетке қарай қадамдары**

а) балалар және жастар ұжымдары. Балалар мен жастарды қоғамның негізгі институты ретінде мемлекеттің мәнін түсінуге тәрбиелеу.

Білім беру ұйымдары өздерінің мемлекеттің жанды бөлігі болып табылатынын түсіне отырып, мемлекет өмірінің түрлі жақтарын, атап айтқанда, дамудың демократиялық бағыттарын, әлеуметтік проблемаларды шешуге және

қоғамда саяси тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік беретін экономикалық табыстар мен жетістіктерді көрсететін жаңартылған ақпараттық материалдарды тұрақты түрде пайдалану тиіс.

Сабақтар мен сыныптан тыс сабақтар бағдарламаларына жас адамдардың нақты қоршаған ортаны (ауыл, қала) Отан ретінде қабылдауына, оған деген сүйіспеншілік пен оның алдындағы борышты тануына ықпал ететін материалдар енгізілетін болады, өйткені онда барлық әлеуметтік институттармен бірге мемлекет бейнеленеді. Мектептерде тақырыптық конкурстар және олимпиадалар, арнайы сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізілетін болады.

Жастардың құқықтық тәрбиесін жақсарту, құқық бұзушылықтардың әрекетті түрде алдын алу үшін білім беру ұйымдарының құқық қорғау органдарымен тығыз ынтымақтастығын орнату көзделіп отыр.

Қазақстан Республикасы азаматының мәртебесін түсіндіру жөніндегі жұмыс азаматтық өзіндік сана-сезімді дамыту мәселелерінде патриоттық тәрбиенің құрамдас элементі ретінде, әсіресе, жастар арасында маңызды орын алады.

Алғашқы құжаттарды (толық емес орта білімі туралы куәлік, жеке куәлік, орта білімі туралы аттестат және т.б.) алудың салтанатты рәсімін ұйымдастыру жас адамдардың санасында республика азаматы мәртебесінің маңызын нығайтатын және арттыратын, өзінің мемлекет өміріне қатыстылығын ұғынуына, өзін Отанының "бөлігі" ретінде сезінуіне септігін тигізетін болады.

Студенттік қоғамдастық студенттердің тақырыптық слеттерін, конференциялар, конкурстар өткізу, студенттік үгіт-насихат топтарының турнелерін ұйымдастыру арқылы патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысқа тартылатын болады.

Бағдарламаның медиа-жоспарына сәйкес мемлекеттің рөлі, билік органдарының жұмысы туралы материалдар әзірленіп, БАҚ-да көрсетіледі.

Орталық және өңірлік баспа БАҚ-тарында патриоттық тәрбие беру жөніндегі айдарлар құрылады, осы тақырып бойынша балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптар жазылады және басылып шығарылады;

ә) "қоғам - мемлекет" тиімді байланысын қалыптастыру.

Күш-жігер әрбір адамның өмірі мен мемлекет қызметінің шынайы ажырамас байланысын көрсетуге бағытталатын болады. Мектептік және студенттік өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту, мектептік және студенттік сайлау жүйесін құру өскелең ұрпаққа қоғам мен мемлекеттің өзара тәуелділігін түсініп, қабылдауға, мемлекет өміріндегі азаматтың рөлін сезінуге мүмкіндік береді.

Бұған қоса, азаматтарды, оның ішінде жастарды мемлекеттік құрылымдардың қызметімен таныстыру үшін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға (орталық және жергілікті билік органдарына, ауруханаларға, әлеуметтік қызметтерге, ұлттық компанияларға және басқаларға), сондай-ақ әскери бөлімшелерге



экскурсиялар ұйымдастыру, "ашық есік күндерін" өткізу, әкімдермен кездесулерді тұрақтылыққа айналдыру қажет.

**2.2. Мемлекеттің жұртшылыққа қарай қадамдары** орталық және жергілікті атқарушы органдар жанындағы қазіргі консультативтік-кеңесші органдардың (жастар істері жөніндегі кеңестер, ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестер, әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиялар және т.б) білім мекемелерімен, ҮЕҰ-мен ынтымақтастықты дамыту а р қ ы л ы м ү м к і н б о л а д ы .

Консультативтік-кеңесші органдар азаматтарды патриоттық рухта тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуге арналған өкілеттіктер мен қажетті ресурстарға ие. Аталған органдар ынтымақтастығының патриоттық бағдарлануы осы Бағдарламаның қағидаларын ескере келгенде оның нәтижелілігін елеулі күшейтетін болады. Аталған консультативтік-кеңесші органдардың қатысуымен өткізілетін патриоттық бағыттағы іс-шаралар нақтылығы олардың қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес нақтыланатын болады.

**Ескерту. 2.2-бөлімшеге өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2008.05.15 N 593 Жарлығымен.**

### **2.3. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі**

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің артуы елдің одан әрі дамуының міндетті шарты болып табылады. Кәсіпкерлердің әлеуметтік бағдарламаларды қолдауы мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдар мен бизнестің арасындағы серіктестікке ықпал ететіндіктен, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды факторы болмақ.

Кез келген коммерциялық құрылым қызметінің негізін құндылықтар мен этикалық қағидастар жүйесі құрауға тиіс. Бизнестің азаматтардың патриоттық сана-сезімін қалыптастырудың жалпы мемлекеттік жүйесіне қатысуы бұған неғұрлым тиімді ықпал ете алады.

Бизнес-қоғамдастықты Бағдарламаны іске асыруға тарту оның халықтың жас шамасы әртүрлі санаттарына бағдарланған патриоттық акциялар, бұқаралық іс-шаралар өткізуге қатысуы арқылы жүзеге асырылатын болады, бұл тұтастай алғанда меценаттық тәжірибесінің дамуына ықпал ететін болады.

**3. Отбасылық, қоғамдық қатынастар: адам, отбасы, білім беру жүйесі, еңбек ұжымы, әскер, тұтастай алғанда қоғам**

Өркениетті азаматтық және жеке адамдар арасындағы қатынастардың қалыптасуына жағдайлар мен әлеуметтік алғышарттар жасау:

а) отбасы институтын нығайту жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу.

Бағдарлама рухани-адамгершілік тәрбие негіздері қалыптасатын маңызды әлеуметтік институт ретінде отбасына бағдарланады. Қазіргі уақытта болып жатқан өмір салтының өзгеруіне байланысты отбасылық құндылықтар елеулі

түрленуге ұшырағанын ескере отырып, қазақстандық отбасы институтын нығайту, сауықтыру жөнінде бірқатар шаралар қабылдау қажет. Отбасының өмір салтында өтіп жатқан өзгерістерді, оның дәстүрлі бастауларына айтарлықтай ықпал ететін факторларды егжей-тегжейлі зерделеу қажет болады. Әр түрлі жастағы азаматтардың бойында оң отбасылық көзқарастарды қалыптастыру үшін ықпал етудің нысандары мен әдістерін қолданудың жағымды тәжірибесін пайдалану, педагогтарды, БАҚ-ты өскелең ұрпақты қазақстандық этностардың отбасылық құндылықтары негізінде тәрбиелеуге бағыттау қажет. Қазақстандық отбасының қалыптасуы мен нығаюына жәрдемдесетін, ересек өмірде жағымды қатынастарды дамыту үшін жастардың қажетті дағдылар алуына жағдайлар ж а с а у к е р е к .

Негізінен дәстүрлі қазақстандық отбасы құндылықтарының негізінде жұмыс істейтін психологиялық отбасылық кеңес беру және бейімдеу орталықтарын нығайту қажет. Осы мақсатта педагогтар мен ата-аналар үшін отбасылық тәрбие жөніндегі тренингтер ұйымдастыру көзделген;

ә) студенттердің жеке адамдар арасындағы және қоғамдық қатынастарды ұ т ы м д ы ұ ғ ы н у ы .

Әрбір азамат сөзсіз тартылатын қоғамдық-саяси қатынастарды түсінуге Қазақстанда дамып келе жатқан жеке адамдар арасындағы және қоғамдық қатынастар мәдениеті мәселелері бойынша студенттік конференциялар, семинарлар ұйымдастыру курстық, ғылыми жұмыстар жазу ықпал ететін болады;

б) жасөспірімдер мен жастардың ой-өрісін кеңейтуге жәрдемдесу.

Қоғамдық сана соңғы жылдары негізінен жаппай батыстық мәдениеттің нашар үлгілерінің таптаурындарымен қалыптасып келеді. Жасөспірімдер мен жастардың өз ой-өрісін кеңейтуі, жеке тұлға ретінде дамуы үшін мүмкіндіктері аз

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде аула, аудандық клубтардың желілерін кеңейту, шығармашылық, техникалық, компьютерлік, спорттық клубтар мен кітапханалар желілерін қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдау қажет. Клубтар мен кітапханалар жасөспірімдер мен жастарды тек рухани ғана дамытып қоймай, сондай-ақ өскелең ұрпаққа өнеге және үлгі бола алатын дүниетанымы жағымды жасөспірімдер мен жастар лидерлерінің пайда болуына ықпал етеді.

Патриоттық тәрбие беру, Қазақстан елордасының жағымды беделін нығайту және насихаттау мақсатында мектептік конкурстар мен олимпиада жеңімпаздары үшін Астана қаласында экскурсиялар ұйымдастыру көзделеді.

Патриотизмнің қалыптасуына сонымен қатар тарихи орындарға туристік бағыттар ұйымдастыру да ықпал етеді. Бұл үшін оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, кешенді экскурсиялық бағдарламалар әзірлеу

к ө з д е л і п

о т ы р ;

в) қоғамдық пікірдің маңыздылығын арттыру жөніндегі жұмысты ж а н д а н д ы р у .

Азаматтардың патриоттық сезімін дамытуға ықпал ететін қоғамдық пікірді қалыптастыру үшін нысаналы насихаттық іс-шаралар өткізу қажет болады. Осы мақсатта қоғамдық пікір институттарын құруға жәрдемдесуді ұйымдастыру көзделіп, соның ішінде, заманауи дүниетаным мен беделге ие зиялылар өкілдерін , кәсіби идеологтарды тарту арқылы әртүрлі үндесу алаңдарының санын ұлғайту ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Үндесу алаңдарының жұмысын олардың БАҚ-қа қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, әрбір облыс орталығында, ірі қалаларда жандандырған орынды;

г) әскери-патриоттық тәрбие.

Әскери-патриоттық тәрбие - азаматтардың, әсіресе жоғарғы сынып оқушыларының, студенттердің, әскерге шақырылғанға дейінгі және әскердегі жастардың бойында жоғары патриоттық сезімді, өз Отанына деген берілгендік сезімдерін тәрбиелеуді қалыптастыру жөніндегі маңызды бағыттардың бірі.

Қазіргі жағдайда әскери-патриоттық тәрбиеге әдістемелік, ақпараттық, ұйымдастырушылық қолдау көрсету, Қарулы Күштер, жұртшылық, білім беру ұйымдары арасындағы өзара байланыстарды жастарды патриоттық тәрбиелеу ісінде үйлестіруді күшейту, әскердің, әскери қызметтің жағымды мәртебесін насихаттау мақсатында одан әрі нығайту қажет. Жастарды әскер қызметіне дайындайтын тәжірибесі бар қазіргі клубтардың жұмысын күшейту, бұл жұмысқа Ұлы Отан соғысы және жергілікті соғыстар ардагерлерін, еңбек ардагерлерін тарту қажет болады.

#### **4. Қоғамдық танылуға қол жеткізген қазіргі заманғы қазақстандық-патриоттың келбеті**

Мінез-құлықтың жағымды моделін қалыптастыру арқылы патриотизмді тәрбиелеу жөніндегі жұмысқа, сондай-ақ мыналар арқылы жәрдемдесу:

а) біздің заманның қаһармандарын іздеу мен оларды қолдау.

Осы Бағдарламаның шеңберінде ел азаматтарының табысты тыныс-тіршілігінің әртүрлі нысандары мен түрлерін танымал ету көзделеді. Осы мақсатта БАҚ-пен белсенді ынтымақтасу көзделеді, оның шеңберінде әлеуметтік белсенді, патриоттық рухтағы және кәсіби қызмет пен өмірде елеулі жетістіктерге қол жеткізген отандастарымызды іздеу мен оларды насихаттау жөнінде жұмыс жүргізілетін болады.

Осы Бағдарламада бастамашылық жасалып отырған әдеби, киноматографиялық, арт-конкурстар да қазақстандық-патриоттың жағымды бейнесін жасауға бағытталады болады.

Бұған қоса, бұл жұмысқа патриоттық әдебиет шығаруды жүзеге асыратын

және отандық жазушыларды қоғамдық маңызға ие жаңа шығармалар туындатуға ынталандыратын кітап баспалары белсенді тартылатын болады;

ә) кәсіби қызметінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген тұлғаларды т а н у .

Осы міндетті шешу үшін аталған тұлғаларды әр түрлі номинациядағы өңірлік және жастар сыйлықтармен көтермелеу көзделеді. Осы номинациялардың жеңімпаздары кейіннен телебағдарламалардың, фильмдердің, очерктер мен кітаптардың кейіпкерлері бола алады.

Жастардың рухани әлеуетін дамыту үшін Қазақстанның зияткерлік дамуына қосқан үлесі үшін жоғары оқу орындарына берілетін "Жас талап" зияткерлік сыйлығы тағайындалатын болады.

## **6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері**

Бағдарламаны іске асыру үшін республикалық, жергілікті бюджеттерден қаражат бөлу бюджеттен тыс қаражаттар пайдалану жоспарланып отыр.

Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен:

2006 жылы 27 948 мың теңге,

2007 жылы 54 641 мың теңге,

2008 жылы 53 999 мың теңге бөлу жоспарланып отыр.

Жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен:

2007 жылы 224 093,0 мың теңге,

2008 жылы 236 521,0 мың теңге бөлу жоспарланып отыр.

Барлығы: 2006 жылы - 27 948 мың теңге, 2007 жылы - 278 734 мың теңге, 2008 жылы - 290 520 мың теңге.

Жалпы сомасы - 597 202 мың теңгені құрайды.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде нақтыланатын болады.

## **7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер**

Бағдарламаны іске асыру барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізілетін б о л а д ы :

қазақстандықтардың Қазақстан Республикасымен азаматтық сәйкестік деңгейі арт а д ы ;

азаматтардың патриоттық қозғалыстарға қатысуға деген ұмтылушылығы арт а д ы ;

азаматтардың патриоттық санасын арттыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету күшейтілетін болады;

елдің мемлекеттік нышандарын, мемлекеттік және әскери қызметті танымал етуге, патриоттық тәрбие жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған шаралар ж а н д а н д ы р ы л а т ы н б о л а д ы ;

2006 жылы Азаматтарға патриоттық тәрбие беру жөніндегі кеңес құрылатын б о л а д ы ;

азаматтарға патриоттық тәрбие беру мәселелері бойынша ақпараттық-әдістемелік жинақтар, ұсынымдар, ақпараттық-талдамалы материалдар әзірленетін және шығарылатын болады;

экскурсиялық және өлкетану жұмысы бағдарламалары әзірленетін, ерекше көзге түскен оқушылардың және студенттердің Астанаға сапары ұ й ы м д а с т ы р ы л а т ы н б о л а д ы ;

36 республикалық іс-шара (семинарлар, форумдар, конференциялар, " дөңгелек үстелдер" отырыстары, әлеуметтанушылық зерттеулер, әлеуметтанушылық мониторинг, акциялар, слеттер, конкурстар, турне), соның ішінде: 2006 жылы - 10, 2007 жылы - 13, 2008 жылы - 13 іс-шара өткізілетін б о л а д ы ;

құқық қорғау органдары өкілдерінің, соғыс ардагерлерінің, спортшылардың және басқалардың қатысуымен жастардың тақырыптық кездесулері ұ й ы м д а с т ы р ы л а т ы н б о л а д ы ;

білім беру ұйымдарының желісімен қамтылған 3,5 млн. бала және жасөспірім балалар, жасөспірімдер, жастар ұйымдарының қызметіне тартылатын болады;

оқу процесіне жастардың бойында патриоттық сезімді тәрбиелеуге бағытталған жаңа әдістемелер мен материалдар кіріктірілетін болады;

жастардың республикалық зияткерлік сыйлығы және арнайы өңірлік сыйлықтар тағайындалатын болады.